

Кәсіби даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыруға жіберілген табысы аз адамдар қатарындағы жұмыспен қамтылғандарға және жеті жасқа дейінгі балаларды бағып-күтумен айналысатын адамдарға, сондай-ақ жұмыссыздарға әлеуметтік көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 2007 жылғы 22 қарашадағы № 1587 қаулысы. Қостанай облысы Рудный қаласының Әділет басқармасында 2007 жылғы 27 желтоқсанда № 9-2-92 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 21 ақпандағы № 141 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 21.02.2011 № 141 қаулысымен.

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 2009.05.25 № 649 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараныз) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5, 7, 19 - баптарының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 "Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" қаулысының негізінде және жұмыссыздарды әлеуметтік қорғау бойынша қосымша шаралар белгілеу мақсатында Рудный қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес аз қамтылғандар қатарындағы жұмыспен қамтылғандарға және жеті жасқа дейінгі балаларды бағып-күтумен айналысатын адамдарға, сондай-ақ кәсіби даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыруға жіберілген жұмыссыздарға әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 2009.05.25 № 649 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараныз) қаулысымен.

2. Рудный қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 28 маусымдағы № 409 "Кәсіби даярлау, біліктілікті арттыру және қайта даярлауға жіберілген жұмыссыздарға әлеуметтік көмек көрсету туралы" қаулысы (мемлекеттік тіркеу нөмірі 9-2-14, 2005 жылғы 22 шілдеде "Рудненский рабочий" газетінде № 57 болып жарияланған) қаулысы күшін жойды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау әкімнің орынбасары А.А. Ишмұхамбетовке жүктелсін.

4. Осы қаулы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Рудный қаласының әкімі

Н. Денинг

Рудный қаласы әкімдігінің
2007 жылғы 22 қарашадағы
№ 1587 қаулысымен бекітілген

Кәсіби даярлау, біліктілікті арттыру және қайта даярлауға жіберілген жұмыссыздарға әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі нұсқаулық

Ескерту. Тақырыпта "кәсіби даярлау, біліктілікті арттыру және қайта даярлауға жіберілген жұмыссыздарға" сөздерімен "кәсіби даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыруға жіберілген табысы аз адамдар қатарындағы жұмыспен қамтылғандар және жеті жасқа дейінгі балаларды бағып-күтумен айналысатын адамдар, сондай-ақ жұмыссыздар" сөздерімен ауыстырылды;

барлық мәтін бойынша: "біліктілікті арттыру және қайта даярлау" сөздері "қайта даярлау және біліктілікті арттыру" сөздерімен ауыстырылды;

"жұмыссыздарға", "жұмыссыздар", "жұмыссызды" сөздері тиісінше "табысы аз адамдар қатарындағы жұмыспен қамтылғандарға және жеті жасқа дейінгі балаларды бағып-күтумен айналысатын адамдарға, сондай-ақ жұмыссыздарға", "табысы аз адамдар қатарындағы жұмыспен қамтылғандар және жеті жасқа дейінгі балаларды бағып-күтумен айналысатын адамдар, сондай-ақ жұмыссыздар", "табысы аз адамдар қатарындағы жұмыспен қамтылғанды және жеті жасқа дейінгі балаларды бағып-күтумен айналысатын адамды, сондай-ақ жұмыссызды" сөздерімен ауыстырылды - Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 2009.03.27 № 368 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараныз) қаулысымен.

1. Кәсіби даярлау, біліктілікті арттыру және қайта даярлауға жіберілген жұмыссыздарға тұруға, тамақтануға, медициналық куәландыруға және аймақ шегінде оқу жеріне жол жүруге арналған шығындарды өтеу бойынша әлеуметтік көмекті (әрі қарай әлеуметтік көмек) "Рудный қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (әрі қарай уәкілетті орган) көрсетеді.

2. Әлеуметтік көмек, егер жұмыссыз оқу бітірген күннен кейін бір ай ішінде өтініш жасаса, төленеді.

3. Уәкілетті орган осы нұсқаулықтың 1 қосымшаға сәйкес азаматтардың әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі өтінішін қарайды және әлеуметтік көмекті тағайындау, немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

4. Әлеуметтік көмек алуға уәкілетті органда ресми тіркелген және Қазақстан Республикасының (бұдан әрі өтініш беруші) заңнамасына сәйкес шарт жасалған білім беру ұйымдарына кәсіби даярлауға, біліктілікті арттыруға және қайта даярлауға жіберілген жұмыссыздар құқылы.

Ескерту. 4-тармақ өзгерту енгізілді - Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 2009.03.27 № 368 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараныз) қаулысымен.

5. Арыз беруші уәкілетті органға жазбаша арыз береді және әлеуметтік көмек алу құқығын растайтын құжаттарды тапсырады.

6. Арыз беруші арызда және құжаттарда көрсетілген мәліметтің толықтығына және растығына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауап береді.

7. Әлеуметтік көмек алуға құқығын растайтын құжаттар мыналар болып табылады:

1) осы Нұсқаулыққа қоса беріліп отырған 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша арыз;

2) өтініш берушінің жеке тұлғасын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

3) емдеу мекемесінің медициналық куәландырудан өткені туралы анықтамасының көшірмесі және өту үшін төлеген ақы жөніндегі төлем құжаты;

4) қазіргі жол жүрудің бағасы бойынша оқу жеріне және қайтадан тұру орнына келу бойынша жол жүру құжаттары (оқу жеріне баруға әлеуметтік көмек үшін).

8. Әлеуметтік көмек тағайындау үшін қажетті құжаттардың түпнұсқалары мен көшірмелері уәкілетті органға салыстыру үшін тапсырылады. Салыстырғаннан кейін құжаттардың түпнұсқалары арыз берушіге қайтарылады.

9. Әлеуметтік көмектің мөлшері төмендегіні құрайды:

1) тұруға – оқу орнына дейін жүру үшін қалалық және қала маңындағы автокөлікпен тасымалдау қызметтерін пайдалану мүмкіндігі жоқ өтініш берушілер үшін арыз беру сәтіне Қостанай облысында белгіленген күнкөріс деңгейі мөлшерінде ай сайын;

2) тамақтануға – арыз беру сәтіне заңнамамен белгіленген үш айлық есептік көрсеткіші көлемінде ай сайын;

3) медициналық куәландыруға – осы Нұсқаулықтың 7-тармағының 3-тармақшасында көрсетілген құжаттармен расталған тексерудің бағасы;

4) оқу жеріне жол жүруге - осы Нұсқаулықтың 7-тармағының 4-тармақшасында көрсетілген құжаттармен расталған жол жүрудің бағасы.

Ескерту. 9-тармаққа 4-тармақшасына өзгерту енгізіледі - Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 2008.07.01 № 998 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараныз) қаулысымен ; 9-тармақ 1) және 2) тармақшалар жаңа редакцияда - Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 2009.03.27 № 368 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараныз) қаулысымен.

10. Уәкілетті орган әлеуметтік көмек тағайындау не тағайындаудан бас тарту туралы шешімді арыз беруші арызымен қоса барлық құжаттарын тапсырғаннан кейін 15 күн ішінде шығарады.

11. Әлеуметтік көмекті тағайындауға қажетті құжаттардың болмауы әлеуметтік көмек көрсетуден бас тартуға әкеліп соғады.

12. Әлеуметтік көмекті төлеу жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

13. Уәкілетті орган әлеуметтік көмек тағайындалған азаматтардың тізімін жасап, есептеп, қалалық қаржыландыру органына қаржыландыруға жиынтық өтінімді береді.

Әлеуметтік көмекті төлеу Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің операциялардың тиісті түрлеріне берілген лицензиясы бар ұйымдар арқылы ақша түрінде жүзеге асырылады.

Кәсіби даярлау, біліктілікті арттыру
және қайта даярлауға жіберілген
жұмыссыздарға әлеуметтік көмек
көрсету жөніндегі Нұсқаулығына
1-қосымша

Кәсіби даярлау, біліктілікті арттыру және қайта даярлауға жіберілген жұмыссыздарға әлеуметтік көмекті тағайындау туралы

№ шешім

(жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органның атауы)

(тегі, аты, әкесінің аты)

бастап жұмыссыз деп танылды

Жұмыспен қамту мәселелер жөніндегі уәкілетті органның жолдамасымен
бастап дейін (оқу орнының атауы) мамандық бойынша оқиды.

Жұмыссыз берген және жұмыспен қамту мәселелер жөнінде уәкілетті орган
ресімдеген құжаттардың негізінде 200 жылғы " " бастап 200 жылғы " " дейін оқу
кезеңі бойынша әлеуметтік көмек тағайындалсын:

тамақтануға теңге

тұруға теңге

медициналық куәландыруға теңге

оқу жеріне дейін баруға теңге

БАРЛЫҒЫ: теңге

Әлеуметтік көмекті тағайындаудан бас тарту

(бас тартудың себебін көрсету)

Шешім қабылдаудың күні 200 жылғы " "

"Рудный қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі"

ММ бастығы

аты – жөні қолы

М.О.

Есепті дайындаған

лауазымы аты-жөні қолы

Есепті тексерген

лауазымы аты-жөні қолы

Кәсіби даярлау, біліктілікті арттыру
және қайта даярлауға жіберілген
жұмыссыздарға әлеуметтік көмек
көрсету жөніндегі Нұсқаулығына
2-қосымша

Жұмыспен қамту мәселелер жөніндегі уәкілетті органға

(елді мекен, аудан, облыс)

(арыз берушінің тегі, аты, әкесінің аты)

жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі органның жолдамасымен

(оқу орнының және маманның атауы)

оқитын, (елді мекен, аудан)

(көше, үй және пәтердің №, телефоны)

мекенжай бойынша тұратын жеке куәлігінің №

берілген жеке шоттың №

Өтініш

Тұруға, тамақтануға, медициналық куәландыруға, оқу жеріне жол жүруге
шығындарды өтеуге арналған әлеуметтік көмекті көрсетуді сұраймын (
қажеттінің астын сызу)

Өтінішке белгіленген үлгідегі құжаттарды қоса беріп отырмын.

Кірістің басқа түрлері бар

Жалған ақпаратты және күмәнді (жасанды) құжаттарды бергенім үшін
жауапкершілік туралы ескертілдім.

200 жылғы " "

(өтініш берушінің қолы)

Құжаттар қабылданды

200 жылғы " "

(құжаттарды қабылдаған адамның аты-жөні, қолы)

(кесу сызығы)

Жалған ақпаратты және күмәнді (жасанды) құжаттарды бергенім үшін жауапкершілік туралы ескертілдім.

(өтініш берушінің қолы)

Азамат құжаттары данада қоса беріліп отырған құжаттарымен бірге қабылданды

Құжаттарды қабылдаған адамның аты-жөні, лауазымы .